



Ақтөбе облысының
қаржы басқармасының
2023 жылғы 22.10 № К-336
бұйрығымен бекітілген

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-
гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - коммуналдық мемлекеттік мекемесі) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекеме Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы «04» қыркүйек №229 қаулысымен құрылды.

4. «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Ақтөбе облысы әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – құрылтайшы).

5. Аталған саланың уәкілетті органы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы), ал мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган).

6. Мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 030004, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы тұрғын үй алабы, 12А құрылыс.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік тіркеуге алынған уақытынан бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшаға жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтық-құқықтық мәмілелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мәні мен мақсаттары

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің тәртібін ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы айқындайды.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым жетістіктері мен оның тәжірибесі негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- 1) білікті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасау;
- 2) білім алушылардың «Білім туралы» Заңға сәйкес әзірленген тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі – МЖМБС) көзделген базистік ғылым негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- 3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 4) азаматтылыққа және патриотизмге өз Отаны-Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;
- 7) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

15. «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мақсаты білім

алушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, мамандықты саналы түрде таңдау үшін негіз қалыптастыру, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, мектеп оқушысының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қабылдау болып табылады.

16. Білім беру мекемесінің мақсаттары мен міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған саналы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;
- 6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- 9) оқытудың жаңа технологияларын, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
- 10) мекеменің жарғысында бекітілген қызметтердің мәні мен мақсаттарына қайшы әрекеттер жасауға тыйым салынады;
- 11) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;
- 12) оқушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, мамандықты саналы түрде таңдау үшін негіз қалыптастыру, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, мектеп-гимназия оқушысының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қабылдау;
- 13) сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықты анықтау, жолын кесуді алдын алу және заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес шаралар қабылдайды;

17. «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мақсаттарына жету үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру;

- білім алушыларды қабілеттері мен бейімдеріне байланысты тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқытуды қарастыратын қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- оқу бағдарламаларын меңгертуге жағдайлар жасау;
- қосымша білім беру, сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету;
- кәсіби бағдарлануын жүзеге асыру;
- білім беру мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру;
- оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдар, ғылыми, әдістемелік, анықтамалық әдебиеттерді әзірлеу;
- психологиялық тестілеу өткізу және диагностикалау;
- семинар, конференция, байқау, олимпиадалар ұйымдастыру;
- концерттер мен көрмелер ұйымдастыру.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен, немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

21. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы келесі функцияларды іске асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атына мүлікті бекітіп береді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекемесі мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

23. Тиісті саланың Уәкілетті басқарушы органы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекемесі мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 5) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 6) ҚР заңнамасында белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін тікелей басқаруды оның басшысы жүзеге асырады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіппен қызметке конкурстық негізде тағайындалып, жергілікті атқарушы орган бұйрығымен қызметтен босатылады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, жергілікті атқарушы органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

26. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметті жүзеге асыруы барысында коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) келісім-шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс-сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алады және олардың орта білім алуына дейін оқытылуын ұйымдастырады;

12) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кәмелеттік жасқа толмаған балалардың қамқорлығын және қорғаншылығын ұйымдастырады, оларды балалар үйлеріне немесе интернаттық мекемелерге орналастырады;

13) өз құзыретіне сай оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігіне мерзім сайын бақылауды ұйымдастырып, өткізіп отырады;

14) мекеменің оқу жоспарларын бекітеді, өз құзыретіне сай мектеп-гимназияға өзін өзі аттестациялау өткізеді;

15) әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлап, ұйымдастырады;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен (ережемен) және тиісті саланың уәкілетті органымен (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

17) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы педагогикалық кеңеспен жасалады және Құрылтайшымен келісім бойынша директорға бекітуге ұсынылады.

Басқару «Білім беру туралы» ҚР Заңына, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысымен және гимназия туралы Ережеге сәйкес адами құндылықтардың басымдық, жариялылық, демократиялық принциптерімен адам өмірін, денсаулығын қорғау және жеке тұлғаны дамыту бағытында жүзеге асырылады.

Еңбек ұжымын коммуналдық мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері құрайды. Еңбек ұжымының өкілеттілігі оның мүшелерінің жалпы жиналысында жүзеге асырылады. Жиналысқа коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің үштен екі бөлігі қатынасқан жағдайда заңды болып есептелінеді.

28. Мектеп-гимназия Кеңесінің өкілеттілігі бойынша қабылданған шешімдер мектеп-гимназия ұжымының барлық мүшелеріне және әкімшілікке міндетті болып саналады. Мектеп-гимназия Кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі, Кеңес төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, коммуналдық мемлекеттік мекеменің іс-қағаздарында сақталады.

29. Қамқоршылық кеңесі, мектеп-гимназия Кеңесі, әдістемелік бірлестіктер, кафедралар, ғылыми-әдістемелік кеңес тәрізді алқалық органдар құрылуы мүмкін, олардың қызметі ҚР Заңнамасына сәйкес құрылымдық бөлімшелер туралы ережесімен реттеледі. Барлық алқалық органдардың жұмысы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің үлгі ережелеріне сәйкес реттеледі.

30. Педагогикалық және әдістемелік мәселелерді, оқу-тәрбие процесін зерттеуді ұйымдастыру және озық педагогикалық тәжірибелерді тарату және

зерттеу мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагогикалық кеңес жұмыс жасайды.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің барлық педагогикалық қызметкерлері және қосымша қызметтегі мұғалімдер педагогикалық кеңестің мүшелері болып табылады. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады. Ол педагогикалық кеңестің хатшысын бір жылға өз бұйрығымен тағайындайды.

Мекеме ұжымының жалпы жиналысы (педкеңес) мына жағдайларға құқылы:

- а) Жарғыны жасауға және талдауға;
- б) Мекеменің «Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін» талқылап, бекітуге.

Педагогикалық кеңестің құзыры:

- а) педагогикалық кеңес жөніндегі ережеге сәйкес қызметін жүргізеді;
- б) ұсыныстар мен сыни ескертпелердің орындалуына бақылау жасайды;
- в) мектептің ішкі тәртібі ережелерін белгілейді;
- г) оқушыларды қорытынды, аралық аттестаттаудан өткізу тәртібін белгілейді;
- д) әр тоқсанда бір реттен кем емес өткізіліп, хаттамамен рәсімделеді.

Кәсіподақ комитеті:

- мекеме әкімшілігімен бірлесе отырып, ұжымдық еңбек шартын жасайды;
- директормен бірлесе отырып, қызметкерлерді материалдық жақтан мадақтау және педагогтердің оқу жүктемесі мәселелерін шешеді.
- ҚР Еңбек заңдылықтары негіздері бойынша жұмыс берушімен бірлесіп, еңбек дауларына катысады және реттейді.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерікті түрде оқушылардың өзін-өзі басқару органдары мен оқушылар ұйымдары жұмыс жасауына болады (жоғары сынып оқушыларының Кеңесі). Олар оқушылардың өзін-өзі басқару органдары туралы Ережеде көрсетілген өкілеттілікке сәйкес басқаруға қатынасады.

Басқару органдарының оқушылардың мүддесіне қатысты сұрақтарды талқылау кезінде отырыстарына мектеп-гимназия оқушылар ұйымының өкілін қатыстыра алады және оқушы ұйымдарына қажетті ақпараттар ұсына алады.

32. Қоғамдық ұйым ретінде мектеп-гимназияда сынып және мектеп-гимназияның қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды. Мектеп-гимназия ата-аналарынан сайланған мүшелерден төраға мен хатшы тандап алынады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалық орган болып табылады. Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидағтарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

- 2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- 3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- 4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Ата-аналар комитетінің құзыреттілігі:

- кез-келген нысанды материалдық көмек қажет оқушыларға үміткерлерді талқылап, тізімін бекітеді;
- жалпы мектептік ата-аналар комитетінің төрағасы гимназия Кеңесінің мүшесі болып табылады;
- ата-аналар комитеті Ереже негізінде жұмыс жасай алады. Барлық ата-аналар комитеттері мектеп өмірінің мәселелерін талқылауға, ұсыныс ретінде шешім қабылдауға құқылы;
- ата-аналар комитеттері өз отырыстарын коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс-қағаздарында сақталатын хаттамалармен рәсімдейді.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қабылдау тәртібі

33. Мекеме 1-класқа 6 жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды қабылдайды (ҚР БҒМ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы).

6. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

34. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленген және жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды іске асыратын оқу бағдарламаларына, жұмыстық оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

35. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үлгілік оқу жоспарлар, соның ішінде оқыту барысы жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесін дербес таңдайды.

36. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттері, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

37. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін

қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың бейіналды дайындығын қосады.

38. Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.

39. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке оқу жоспарлары білім беру ұйымының әкімшілігімен бекітіледі және аймақтық білім беру басқармасымен (бөлімімен) келісіледі.

40. Гимназияның вариативтік және кәсіптік бағдар арнайы курстарының оқу бағдарламалары тиісті ЖОО кафедраларымен келісіледі.

Гимназиялық компонент:

- 1) гимназияның оқыту бейінін жеке таңдаумен, дамудың жеке бағдарламасымен, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолданумен;
- 2) гимназияның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейінді пәндерді енгізумен қамтамасыз етіледі.

41. Мектеп-гимназия факультативтерге және білім алушылардың таңдауы бойынша қосымша курстарды ұйымдастыруға әрбір сыныпқа сағат есебінен, сондай-ақ мұғалімдердің 0,25 ставкасы, әрбір сыныпқа үйірмелер, студиялар, ғылыми қоғамдар мен басқа және/немесе мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жеке курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөледі. Факультатив сабақтары мен таңдау бойынша курстар топтарда кемінде 10 адам болған жағдайда өткізіледі.

42. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- 1) білім, ғылым, мәдениет тарапынан халықаралық қызметке қатысады;
- 2) шет елдік білім беру орындарымен ынтымақтастық туралы, оқытушылар және оқушылармен тәжірибе алмасу туралы келісімдер жасайды;
- 3) екіжақты халықаралық келісімдер негізінде бірлескен білім беру ұйымдарын құрады.

43. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру негізі «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылатын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларын толық көлемде уақытында және сапалы қамтамасыз ету қажет.

Гимназияда оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған кестесі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқытуды есепке алу журналын және оқу

сағаттарында оқу бағдарламаларын орындауды есепке алу табелін енгізу жолымен жүзеге асырылады.

44. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

45. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

46. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

47. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі ҚР МЖМБС, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітетін ережелермен айкындалады.

48. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сабақ кестесін директор немесе оның орнын ауыстыратын тұлға бекітеді.

Сабақ кестесінде оқу сағаттарының күнделікті саны, ұзақтығы және жүйелілігі көрсетіледі.

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді тынығуы үшін жеткілікті ұзақтықтағы үзілісті көздейді.

49. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айкындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

50. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

51. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқыту және тәрбиелеу қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

52. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы: 1 сыныптарда – 33 апта; 2-11 сыныптарда – 34 апта.

53. Каникул ұзақтығы жыл сайын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрінің бұйрығымен айқындалады.

54. Жалпы білім беру ұйымдарында сыныптарды толықтыру 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді. Жоғары сыныптарда сыныптардың толықтыруын 20 оқушыға дейін азайтуға жол беріледі.

55. Сыныпты екі топқа (1-4 сыныптар) бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде:

- 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тілі;
- 2) шетел тілі;
- 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) бойынша жүзеге асырылады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда барлық оқу пәндері бойынша сыныпты топтарға бөлу бір сыныпта 15 білім алушыға дейінгі толымдылықпен жүргізіледі.

56. Сыныпты екі топқа (5-9 сыныптар) бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде:

- 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) көркем еңбек
- 4) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында сыныпты көркем еңбек бойынша екі топқа бөлу сыныптың ұлдар мен қыздарға толымдылығына қарамастан жүргізіледі.

57. Білім алушыларды жалпы білім беретін оқу бағдарламасының жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

58. Білім алушылар мен олардың ата-аналарының мүдделерін ескеріп және олардың бейімділіктерін дамыту мақсатында оқу жоспарының вариативтік бөлімі есебінен қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

59. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкілдердің) қалауы бойынша жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат және даму мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қашықтықтан білім алу нысанында оқуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.

60. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

61. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин жағдайында оқу-тәрбие процесін тиісті мемлекеттік органдармен ұйымдастыру денсаулық саласындағы өкілетті органмен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Санитарлық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

62. 16 жасқа толмаған білім алушылар «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен ерекше жағдайларда ғана, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша шығарылады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларды мектептен шығару шешімі қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімімен қабылданады.

63. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналар мен кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың өзге де заңды өкілдеріне оқу және тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік береді.

7. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өтізу нысандары және тәртібі

64. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

65. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанын педагогтер жүргізеді.

1-ші сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

66. БЖБ өткізу түрі (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өзі анықтайды.

67. Формативті бағалау, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

68. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және балды бағаға ауыстыру шкаласы бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

69. 2-11 сынып білім алушыларының оқу пәндері бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар

жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

70. Қорытынды баға жылдық бағаның орташа арифметикалық мәні ретінде және жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы оқу жылына жиынтық бағалау бағалары ретінде қойылады.

Үш немесе одан да көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалары бар 2-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары қайта оқу жылына калдырылады.

«3», «4», «5» бағаларын алған кезде 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

71. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады және төмендегі нысанда өткізіледі:

1) 9-сынып білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

2) 11-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

72. 9 және 11-сынып білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім беру басқармасы басшысының бұйрығымен келесі жағдайларда босатылады:

1) денсаулық жағдайы бойынша;

2) I-II топ мүгедектері, мүгедек балалар;

3) жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар, халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін ҚР құрама командасына үміткерлер;

4) жақын туыстары қайтыс болғанда.

73. Негізгі орта білім беруді аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат беріледі. Жалпы орта білім беруді аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

8. Қосымша ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі

74. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бюджет қаражаттары есебінен «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен көрсетілетін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.

75. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге;

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен көзделген жағдайларды қоспағанда, оқушылардан және педагогтерден ақша өндіріп алуға тыйым салынады.

76. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру;

10) ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге құқылы.

77. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыс жайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөнінде көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.

78. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

79. Ақылы негізде қызметтер көрсету «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда, төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

80. Ақылы білім беру қызметі қалалық сараптау кеңесінің шешімімен және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ бұйрығы негізінде бекітіледі.

81. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін қаражат «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарларына сәйкес жұмсалады.

82. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарынан түскен артық қаражат уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен бекітілген Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары негізінде жұмсалады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын рәсімдеу тәртібі

83. Білім беру істерінің қатысушылары «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагогикалық қызметкерлері, оқушылары, білім алушылардың ата-аналары (немесе өзге де заңды өкілдері) болып табылады.

84. Білім алатын тұлғалар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады.

85. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) гимназияның педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарларын, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімді ақылы негізде алуға;
- 5) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқаруға қатысуға;
- 6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына ауысуға;
- 7) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен

және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

86. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

87. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің осы Жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

88. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

89. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен регламенттеледі.

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді.

Ұлдардың мектеп формасы:

- пиджак,
- жилет,
- шалбар,
- мерекелік жейде,
- күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка).

Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы:

- пиджак,
- жилет,
- юбка,
- шалбар,
- классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка).

Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

- Мектеп формасына қосуға рұқсат етілмейді және киюге тыйым салынады:
- жаракаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар;
 - түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері.

Білім алушылар белгіленген мектеп формасын сақтауға, ал ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.

90. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы негізінде оқушылар гимназияға қамқоршылық кеңеспен, ата-аналар комитетімен, мектептің өзін-өзі басқаруымен келісілген гимназияның ішкі тәртіп ережелерімен бекітілген белгілі бір мектеп формасымен келеді.

91. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

92. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға ішкі тәртіп ережелерімен және осы Жарғымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары болмаса білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

93. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

94. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітетін ережелермен айкындалады.

95. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға медициналық пункттер үшін үй-жайлар ұсынады.

96. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерікті түрде білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары (Мектеп парламенті) мен білім алушылар ұйымдары (Жас Ұлан) құрылып, білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары туралы Ережеде көрсетілген өкілеттілікке сәйкес басқаруға қатысады.

97. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушылардың мүдделеріне қатысты сұрақтарды талқылау кезінде басқару органдарының отырыстарына білім алушылар ұйымының өкілін қатыстыра алады және оқушы ұйымдарына қажетті ақпараттар ұсына алады.

98. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушыларына ұлты, жынысы, тілі,

жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мүлкітік және лауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, мекен-жайы, дінге қатынасына және нанымына тәуелсіз білім алуына кепілдік беріледі.

99. Білім алушыларды қоғамдық-саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуге, сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.

100. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дене мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптары мен нормаларын ескере отырып тартылады. Еңбектің санитарлық-гигиеналық нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігіне, медициналық қызметкерге, мұғалімдерге, класс жетекшілеріне жүктеледі.

101. Білім алушыларды қоғамдық тапсырманы орындау, спорттық және басқа шараларға қатысу үшін сабақтан босатуға, қызметкерлердің және білім алушылардың пікірлерін есепке ала отырып, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі. Туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бекіткен мерзімі ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.

Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

102. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

103. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;

3) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

5) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

104. Қоғамдық ұйым ретінде «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып және мектептің жалпы ата-аналар комитеттері жұмыс жасайды. Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру, оны сайлау тәртібі ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

10. Педагогикалық қызметкер мәртебесі

105. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

106. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;

2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;

4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді.

107. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.

108. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқарудың алқалық органдарының жұмысына қатысуға;

12) үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жеке педагогикалық қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермелеуге;

17) Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесі туралы» Заңына сәйкес әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіпте және жағдайда, кәсіптік дағдыны қолдау және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық шәкіртақысы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

109. Мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

110. Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді.

111. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

112. Педагогтің кәсіптік қызметіне:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

113. Педагогтерге:

1) ұзақтығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;

2) өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыға кепілдік беріледі.

114. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері білім беру саласындағы уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітетін қағидаларда айқындалады.

115. «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі.

116. Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

117. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

118. Педагогтер аттестаттаудан өтіп, нәтижесі бойынша біліктілік санаттар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен беріледі (расталады).

119. Педагог:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);
- 4) педагогтік әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;
- 9) «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;
- 10) құқық қорғау органдарына және «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмілетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;
- 11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

120. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

121. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде «Д.Қонаев атындағы жалпы

білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі айқындайтын тәртіпте жүзеге асырылады.

122. Қызметкер мен «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі

11. Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар тізбесі

1. Қарулар

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар\ көздеуіштен басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық- дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар және т.б.

2. Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар:

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қарулар ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша ұсталарды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұткасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал- саймандар.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкінің құрылу тәртібі

123. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі мүлкінің бағасы оның еңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

124. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі смета құралдары бойынша бөлінген мүлік және оған бекітілген мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

125. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ол жағдайда білім беру, сорт сынағы, ветеринария орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай қорықтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

126. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырылады.

127. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

128. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

129. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

1) Педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін 2019 жылға 27-желтоқсанда қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізге алынсын.

2) Мекеме қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Заңдарында көрсетілген тәртіппен анықталады;

3) Мекемеге жұмысқа қабылдау тәртібі Еңбек заңнамасында бекітілген жеке еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады;

4) Қызметкерлердің еңбекақысы мен лауазымдық төлемақылар олардың біліміне, жұмыс өтіліне және біліктілік санатына сәйкес белгіленеді;

5) Педагог қызметкерлердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру ұйымдары үшін – 16 сағат;

6) Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкеріне еңбек шартымен көзделген өздерінің функционалдық міндеттері мен жұмысын атқарғаны үшін еңбекақы төленуіне кепілдік беріледі;

7) Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің қарастырылмаған басқа жұмыстар мен міндеттерді атқарғандары үшін қосымша келісім бойынша ақы төленеді. Педагогтерге қосымша міндеттер тек директордың бұйрығымен жүктелуі мүмкін;

8) Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке меншігіне зиян келтіргені үшін еңбек ұжымының мүшелеріне заңнамасымен көзделген тәртіппен материалдық жауапкершілік жүктеледі.

9) Жарғы және ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғаларға еңбек ұжымының жиналысымен немесе директормен тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін;

10) Педагог қызметкердің мінез-құлық нормаларын немесе осы Жарғыны бұзғаны үшін тәртіптік тергеулер тек олардың атына түскен жазбаша түрдегі арыз негізінде жүргізіледі, арыздың көшірмесінің біреуі педагог қызметкерге берілуі тиіс.

130. ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін істер атқарылмаса;

2) оқу жоспары және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асырмаса;

3) өз бітіруші түлектерінің білім сапасы үшін;

4) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысшылары мен білім алушыларының оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы үшін;

5) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтары бұзылса;

6) мемлекеттік мүлікті тиімді қолданбаса және сақтамаса.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің қаржыландыру көздері

131. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін білім алушылардың оқытылуы мен тәрбиеленуіне арналған мемлекеттік тапсырыстың, сонымен қатар мекемелер мен ұйымдармен жасалған шаруашылық келісімшарттар негізінде жүргізеді. Мектептің қызметін қаржыландыру бюджеттен, мемлекеттік және қаржыландырудың жергілікті нормативтері негізінде жүзеге асырылады.

132. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі ҚР заңнамасында белгіленген ретпен, Жарғы мен ҚР заңдарында қарастырылған ақылы қосымша оқыту, басқа да қызметтер есебінен қосымша қаражат қорларын тартуға құқылы. Жұмыс пен қызмет көрсету ақылары ҚР заңнамасына сәйкес белгіленеді. Бұл реттегі кірістерді бөлу тәртібі мектеп Жарғысына сәйкес өз ішінде анықталады.

Кірістер бірінші дәрежелі шараларды ескере отырып мақсатты түрде жұмсалады.

133. Қосымша қаражаттарды тарту коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджет есебінен қаржылануының мөлшері мен нормативтерінің азаюына әсерін тигізбейді.

134. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі нелігіндегі қосымша ақылы білім беру қызметінен түскен кіріс өз мүддесімен және өндірістік, арнайы даму, жалақы, резервтік қорларының ішінде өзара бөлінеді.

135. Ағымдағы жылы қолданылмаған мектеп қаржысы алуға келмейді және келесі оқу жылын қаржыландыру есебіне кіргізілмейді.

136. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылтайшы келісімімен өзіне бекітілген меншік пен мүліктерді пайдалануға құқылы.

137. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі мен қаражатының қалыптасу көздері мыналар:

- 1) Республикалық және жергілікті бюджеттік қаражаттар;
- 2) Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өз меншігіндегі мүліктері немесе олардың өкілетті органдары берген мүліктері;
- 3) Қосымша ақылы білім беру қызметі есебінен түсетін кіріс;
- 4) Заңды және жеке тұлғалардың ерікті түрде көрсеткен көмектері;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес келетін басқа да қаржылар.

15. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

138. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

139. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

140. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

141. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

БЕТТЕ ТІЛДІК-БІЛІМДІК

ЖӘНЕ МӘДЕНІ БІЛІМ

БӨЛІМ БАСШЫСЫ



Ақыл-ой қабілетін дамыту